

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словак Республикасының Үкіметі арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 мамырдағы № 309 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2016 жылғы 21 қаңтарда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словак Республикасының Үкіметі арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

3 0

м а м ы р д а ғ ы

№ 3 0 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словак Республикасының Үкіметі арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау туралы КЕЛІСІМ

(2016 жылғы 7 тамызда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2016 ж., № 4, 76-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словак Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Ү к і м е т і ,

саяси, әскери және экономикалық қызмет салаларындағы екі жақты ынтымақтастықты кеңейтуге өзара ниеттерін ескере отырып,

Тараптар арасында алмасатын немесе өзара ынтымақтастық шеңберінде жасалатын құпия ақпаратты өзара қорғау мәселесін реттеу ниетін басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің мақсаты

Осы Келісімнің мақсаты Тараптардың мемлекеттері арасында алмасатын және/немесе олардың ынтымақтастығы барысында пайда болған құпия ақпаратты өзара қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

2-бап

Анықтамалар

Осы Келісімде мыналар айқындалған:

1) құпия ақпарат – нысанына, табиғатына немесе беру тәсіліне қарамастан, ынтымақтастық процесінде алмасатын және/немесе пайда болатын ақпарат, құжаттар немесе материалдар, оларға құпиялылық дәрежесіне сәйкес құпиялылық белгісі беріледі немесе қорғау дәрежесі белгіленеді және олар ұлттық қауіпсіздік мүддесінде және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жария етуден, жоғалтудан, иемденуден, рұқсатсыз қол жеткізуден немесе басқа да компрометацияның кез келген түрінен қорғауды талап етеді;

2) құпия ақпаратты тасығыштар – құпия ақпаратты тануға және сәйкестендіруге мүмкіндік беретін нышандар, үлгілер, белгілер, техникалық шешімдер және процестер түрінде олар өз көрінісін табатын материалдық объектілер, оның ішінде физикалық ө р і с т е р ;

3) құпия ақпаратқа рұқсат беру – жеке тұлғаның құпия ақпаратқа қол жеткізуге құқығы немесе уәкілетті органның Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес берілген құпия ақпаратты пайдалана отырып, қызметті жүзеге асыруға құқығы;

4) құпия ақпаратқа қол жеткізу – құпия ақпаратқа рұқсаты бар жеке тұлғаны құпия а қ п а р а т п е н т а н ы с т ы р у ;

5) құпиялылық белгісі – құпия ақпаратты тасығышта қойылатын және/немесе оған ілеспе құжаттамада көрсетілетін олардың тасығышында қамтылған құпия ақпараттың дәрежесін к у ә л а н д ы р а т ы н деректеме;

6) құзыретті орган – Тараптың осы Келісім шеңберінде құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуді бақылауды және үйлестіруді жүзеге асыратын м е м л е к е т т і к о р г а н ы ;

7) уәкілетті орган – Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптардың ынтымақтастығы процесінде алмасатын және/немесе пайда болған құпия ақпаратты жасауға, алуға, беруге, сақтауға, пайдалануға, қорғауға өкілеттік берілген м е м л е к е т т і к о р г а н н е м е с е ұ ғ ы м ;

8) келісімшарт – уәкілетті органдар арасында жасалатын шарт, оның шеңберінде құпия ақпаратты беру және/немесе жасау көзделеді.

3-бап

Құпиялылық дәрежелерінің салыстырылуы

1. Тараптар осы Келісімге сәйкес және өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының негізінде құпиялылық дәрежелері мен оларға сәйкес келетін құпиялылық белгілері мынадай түрде салыстырылатынын белгілейді:

--	--

Қазақстан Республикасында	Словак Республикасында	Орыс тіліндегі баламасы
ӨТЕ ҚҰПИЯ	ТАЈНЇ	СОВЕРШЕННО СЕКРЕТНО
ҚҰПИЯ	ДФВЕРНЇ	СЕКРЕТНО

2. Қазақстан Республикасы «ҚЫЗМЕТ БАБЫНДА ПАЙДАЛАНУ ҮШІН»/«ДЛЯ СЛУЖЕБНОГО ПОЛЬЗОВАНИЯ» белгісін қойған ақпаратқа Словак Республикасы «VYHRADENEM» құпиялылық белгісін береді. Словак Республикасы «VYHRADENEM» құпиялылық белгісін қойған құпия ақпаратқа Қазақстан Республикасы «ҚЫЗМЕТ БАБЫНДА ПАЙДАЛАНУ ҮШІН»/«ДЛЯ СЛУЖЕБНОГО ПОЛЬЗОВАНИЯ» деген белгі қояды.

4-бап

Құпия ақпаратты қорғау жөніндегі шаралар

1. Тараптардың мемлекеттері:

- 1) басқа Тарап берген және/немесе олардың ынтымақтастығы процесінде пайда болған құпия ақпаратты қорғауға;
- 2) алынған құпия ақпараттың құпиялылық белгісін оны беруші Тарап мемлекетінің жазбаша келісімінсіз өзгертпеуге;
- 3) ынтымақтастық процесінде алынған және/немесе пайда болған құпия ақпаратқа қатысты осы Келісімнің 3-бабына сәйкес өзінің осындай құпиялылық дәрежесіндегі құпия ақпаратына қатысты қолданылатындай қорғау шараларын қолдануға;
- 4) екінші Тараптан алынған құпия ақпаратты оны беру кезінде көзделген мақсаттарға ғана пайдалануға;
- 5) алынған, сондай-ақ ынтымақтастық процесінде пайда болған құпия ақпаратқа мұндай ақпаратты берген Тарап мемлекетінің жазбаша келісімінсіз үшінші тараптың қол жеткізбеуіне міндеттенеді.

2. Құпия ақпаратқа қол жеткізу оны беру кезінде көзделген мақсаттарда тек қызметтік міндеттерін орындау үшін жеке тұлғаларға ғана тиісті құпиялылық дәрежесіндегі құпия ақпаратқа олардың рұқсаты болған кезде рұқсат етіледі.

3. Қажет болған жағдайда құпия ақпаратты қорғау бойынша қосымша талаптар құпия ақпаратпен жұмыс істеу бойынша міндеттемелер жазылған және оны қорғау шаралары көрсетілген тиісті келісімшарттарға енгізіледі.

5-бап

Құзыретті органдар

1. Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес Тараптар құзыретті органдарды айқындайды, бұл туралы дипломатиялық арналар арқылы бірін-бірі байланыс деректерін көрсете отырып, хабардар етеді. Құзыретті органдарға байланысты өзгерістер туралы Тараптар дереу хабардар етеді.

2. Тығыз ынтымақтастықты қамтамасыз ету және осы Келісімді жүзеге асыру мақсатында құзыретті органдар Тараптар мемлекеттерінің сұратуы бойынша консультациялар өткізе алады.

6-бап

Құпия ақпаратты беру тәсілдері

1. Құпия ақпаратты беру туралы шешім Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес қабылданады.

2. Егер бір Тарап мемлекетінің уәкілетті органы құпия ақпаратты екінші Тарап мемлекетінің уәкілетті органына беруге ниеттенсе, онда ол өз Тарапы мемлекетінің құзыретті органынан екінші Тараптың уәкілетті органының құпия ақпаратқа рұқсаты бар екенін жазбаша растауын алдын ала сұратады.

Бір Тарап мемлекетінің құзыретті органы екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органынан сол Тарап мемлекетінің уәкілетті органының құпия ақпаратқа рұқсаты бар екенін жазбаша растауды сұратады.

3. Құпия ақпаратты беру дипломатиялық арналар арқылы немесе Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары келіскен өзге тәсілмен жүзеге асырылады. Құпия ақпаратты қабылдайтын уәкілетті орган оны алғанын жазбаша түрде растайды.

4. Көлемі қомақты құпия ақпаратты беру үшін уәкілетті органдар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес тасымалдау тәсілі, бағдары және алып жүру нысаны туралы уағдаласады.

7-бап

Құпия ақпаратпен жұмыс істеу

1. Берілген тасығыштардағы құпия ақпаратты алуға жауапты уәкілетті орган осы Келісімнің 3-бабына сәйкес салыстырылатын құпиялылық белгісін қосымша қояды.

2. Алынған немесе ынтымақтастық процесінде пайда болған құпия ақпаратты басқа тілге аударған, оны көшірген немесе көбейткен жағдайда, құпия ақпаратты тасығышқа түпнұсқаның құпиялылық белгісіне сәйкес келетін құпиялылық белгісі қойылады.

3. Алынған құпия ақпарат негізінде пайда болған құпия ақпаратты тасығышқа алынған құпия ақпараттың құпиялылық белгісінен төмен емес құпиялылық белгісі қойылады.

4. Құпия ақпарат оны алған уәкілетті органда өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес есепке алынады және сақталады.

5. Құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесі және оны тасығыштағы тиісті құпиялылық белгісі оны берген Тараптың уәкілетті органының жазбаша келісімінсіз өзгертілуге тиіс емес.

6. Тараптар мемлекеттерінің ынтымақтастығы процесінде пайда болған құпия

ақпараттың құпиялылық дәрежесі уәкілетті органдардың өзара келісуі бойынша айқындалады немесе өзгереді.

7. Ынтымақтастық процесінде пайда болған құпия ақпаратты құпиясыздандыру Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдарының келісуі бойынша жүзеге асырылады.

8. Құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесін өзгерту немесе оны құпиясыздандыру туралы оны берген Тарап мемлекетінің уәкілетті органы екінші Тарап мемлекетінің уәкілетті органын дереу жазбаша хабардар етеді.

9. Құпия ақпаратты көшірген кезде, құпиялылық белгісінің барлық түпнұсқалары көшірілуі немесе әрбір көшірмеде белгіленуі тиіс. Көшірілген ақпарат негізгі ақпарат сияқты бақылауда болуға тиіс. Даналардың саны ресми мақсаттар үшін қажетті санға дейін шектелген болуға тиіс.

10. Құпия ақпаратты көшіру немесе көбейту оны берген Тарап мемлекетінің уәкілетті органының жазбаша келісімімен жүзеге асырылады.

11. Құпия ақпаратты жою оны берген Тарап мемлекетінің уәкілетті органымен алдын ала келісіледі. Құпия ақпаратты және оны тасығыштарды жою құжат жүзінде расталады, ал жою процесінің өзі оны жаңарту мен қалпына келтірудің мүмкін болмауын қамтамасыз етуге тиіс. Құпия ақпараттың және оны тасығыштардың қайтарылғаны туралы немесе жойылғаны туралы оны берген Тарап мемлекетінің уәкілетті органына жазбаша хабарланады.

12. Осы Келісім шеңберінде жасалған немесе берілген құпия ақпаратты қорғау және қайтару мүмкін болмайтын дағдарыс жағдайы туындағанда осы құпия ақпарат дереу жойылуға тиіс. Құпия ақпаратты алған Тарап мемлекетінің құзыретті органы бұл туралы оны берген Тарап мемлекетінің құзыретті органын дереу хабардар етуге тиіс.

8-бап

Келісімшарттар

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес уәкілетті органдар жасасатын келісімшарттарға жеке бөлім қосылады, онда барынша аз түрде:

1) ынтымақтастық процесінде пайдалану жоспарланып отырған құпия ақпараттың тізбесі және оның құпиялылық дәрежесі;

2) ынтымақтастық процесінде берілетін және/немесе пайда болған құпия ақпаратты қорғау ерекшеліктері, оны пайдалану шарттары;

3) дағдарысты жағдайларды шешу және ынтымақтастық процесінде берілетін және/немесе пайда болған құпия ақпаратты рұқсатсыз жария етуден болуы мүмкін залалды өтеу тәртібі айқындалады.

9-бап

Сапарлар

1. Егер қабылдаушы Тарап мемлекетінің құзыретті органының алдын ала рұқсаты алынған болса, құпия ақпаратқа қол жеткізуді бір Тараптың мемлекеті екінші Тарап мемлекетінің өкілдеріне беретін болады.

2. Құзыретті органдар осы Келісім шеңберінде өз өкілдерінің құпия ақпаратқа қол жеткізуіне қатысты өзгерістер туралы рұқсатына қатысты, атап айтқанда мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қайтарып алған немесе деңгейін төмендеткен жағдайда бірін-бірі хабардар етеді.

3. Жіберуші Тарап мемлекетінің құзыретті органы қабылдаушы Тарап мемлекетінің құзыретті органын жоспарланған келуге дейін 3 (үш) аптадан кешіктірмей, келушілер туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша түрде хабардар етеді.

4. Келуге арналған өтініш мынадай ақпаратты қамтиды:

1) келушінің тегі мен есімі, туған күні мен жері, азаматтығы және паспортының нөмірі ;

2) келушінің лауазымы және ол жұмыс істейтін ұйымның атауы;

3) тиісті құпиялылық дәрежесіндегі құпия ақпаратқа рұқсатының бар-жоғы;

4) болжанып отырған келу күні мен оның ұзақтығы;

5) сапардың мақсаты ;

6) жоспарланып отырған бару объектілерінің атауы;

7) кездесу жоспарланып отырған қабылдаушы мемлекет өкілінің лауазымы, тегі мен есімі және оларға ұсынылатын ұйымның атауы.

5. Әрбір Тарап 12 (он екі) айдан аспайтын мерзімге объектіге баруға рұқсатты сұрата алады. Рұқсаттың қолданысын ұзарту қажет болған жағдайда, жіберуші Тараптың мемлекеті жаңа рұқсат алу туралы өтінішімен, бірақ ағымдағы рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) аптадан кешіктірмей қабылдаушы Тарап мемлекетіне жүгіне алады.

6. Тараптар мемлекеттерінің бірінің өкілдері екінші Тарап мемлекетінің аумағына барған кезде қабылдайтын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасын сақтайды.

10-бап

Қауіпсіздіктің бұзылуы

1. Екінші Тарап мемлекетінің уәкілетті органы ынтымақтастық процесінде берген және/немесе пайда болған құпия ақпараттың рұқсатсыз таралуына әкеліп соқтыратын құпия ақпаратты қорғау жөніндегі талаптар бұзылған жағдайда, тиісті Тарап мемлекетінің құзыретті органы бұл туралы екінші Тараптың құзыретті органын дереу хабардар етеді.

2. Бұзушылықты анықтаған немесе бұзушылықтың болуы деп болжамдайтын Тараптың мемлекеті өз ұлттық заңнамасына сәйкес дереу тергеуге (қажет болған жағдайда басқа Тарап мемлекетінің көмегімен) кіріседі.

3. Тергеуді жүргізетін Тарап мемлекетінің құзыретті органы екінші құзыретті органға мән-жайлар, тергеу нәтижелері, бұзушылықты жою бойынша қабылданған шаралар мен іс-қимылдар туралы дереу хабарлайды.

4. Құпия ақпараттың рұқсатсыз таралуына жол берген жеке тұлға өзі азаматы болып табылатын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

5. Құпия ақпараттың рұқсатсыз таралуынан келтірілген зиянның мөлшері мен оны өтеу тәртібі Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес әрбір нақты жағдайда уәкілетті органдармен келісуі бойынша қажет болған жағдайда құзыретті органдарды тарта отырып айқындалады.

11-бап

Шығыстар

Тараптар осы Келісімді іске асыру жөніндегі шығыстарды өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес дербес көтереді.

12-бап

Дауларды шешу

1. Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген дау қандай да бір үшінші тарапқа жүгінбестен, Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары арасында консультациялар мен келіссөздер арқылы ғана шешіледі.

2. Кез келген дау реттелгенге дейін Тараптар осы Келісімнен туындайтын міндеттемелерді сақтауды жалғастырады.

13-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамамен ресімделетін және осы Келісімнің 14-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

14-бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынғаннан кейін 60 (алпыс) күн өткен соң күшіне енеді.

2. Әрбір тарап екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады. Мұндай жағдайда осы Келісімнің қолданылуы мұндай хабарламаны алған күннен бастап 6 (алты) ай өткен соң тоқтатылады. Осы Келісімнің қолданылуының тоқтатылғанына қарамастан, осы Келісім шеңберінде берілген немесе жасалған барлық құпия ақпаратты қорғау осы Келісімнің ережелеріне сәйкес және Тараптар дипломатиялық арналар арқылы тиісті хабарламалар жіберіп, бірін-бірі осы міндеттемелерден босатқанға дейін жүзеге асырылады.

3. Осы Келісімнің шеңберіндегі кез келген хат алмасу Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік тілдерінде орыс және ағылшын тілдеріне аудару арқылы жүзеге асырылады.

Астана қаласында 2016 жылғы 21 қаңтарда әрқайсысы қазақ, словак және орыс тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Словак Республикасының

Үкіметі үшін